

ЖАҚСЫ МАМАН - ЖАҚЫН БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ

*«Білім – бақыттың
жібермейтін қазығы, білімсіз
бақ әлдекімнің азығы...»*

М.ӘУЕЗОВ.

Мамандық таңдау!
Әрбір мектеп бітіруші
жас түлек үшін бұл
сөздің маңызы, мағы-
насы ерекше екені
даусыз. Қоғамдық фор-
мация өзгеріп, адам-
дар да жетіліп, на-
рықтық қарым-қатынас
пайда болып, қоғам
дамып, дүниеге түрлі
жұмыс түрлері, сәй-
кесінше түрлі маман-
дық түрлері келе бас-
тады. Қазіргі қауырт
өзгеріп жатқан еңбек
нарығында әрбір жас
түлектің алдында кім
болам?, қандай
мамандықты таңдай-
мын, қандай жаңа ма-
мандықты игеремін
деген сұрақтар туын-
дауы заңды нәрсе.

Мамандық таңдау деген
— өзің айналысқың келе-
тін жұмысты таңдау ғана
емес, өзің болашақта жұ-
мыс жасайтын органы да
таңдау. Біреулер үшін —
ол ойға алған арманның
орындалуы, отбасы дәстү-
рін жалғастыру болса,
келесі біреулер үшін — жа-
ңалыққа, дербестікке
талпыныс, үшінші біреу-
лерге — әйтеуір бір ма-
мандық алу керек болған
соң игерген кәсіп болуы
мүмкін. Мамандық таң-
дау — тағдырыңды таңдау
деген сөз. Кейінгі өмірде
өкінбейтіндей, өз қабілеті
мен бейімділігіне сай кә-
сіп түрін таңдау... Бұл —
өте жауапкершілікті және
маңызды іс. Мамандық-
ты таңдау үшін, адам ең
алдымен өзін, өз бейімді-
лігін таңуы қажет. Ма-
мандық таңдауда әр адам
өзінің қызығушылығына,
қабілетіне, бейімділігіне,
қалауына сүйенуі керек.
Ж.Аймауытов: «Маман-
дықтың жаманы жоқ, бі-
рақ мұның кез келгеніне
икемділік қажет, бұл —
жай күнелту, тамақ асы-
раудың ғана жолы емес,
үлкен өнерді, зор шебер-
лікті қажет ететін нәрсе»,
— дейді. Рас, жас жеткін-
шек тек өз жүрек қалауы-
мен ғана таңдаған ма-
мандықтың шебері бола-
алады, яғни мамандық
таңдау — жай ғана оқып,
диплом ала салу емес,

өмірлік жолың-
ды айқындау.
Заман өзгерген
сайын, адам да
жетіліп, нарық-
тық қарым-қа-
тынас пайда болды. Қо-
ғам дамып, дүниеге түрлі
жұмыстар, сәйкесінше,
түрлі мамандықтар келді.
«Жеті рет өлшеп, бір рет
кес» деген нақыл сөзін
ұран етіп, мамандықты
дұрыс таңдау маңызды
қадам болып табылады.

Қазіргі таңда әлем Қа-
зақстанды әлемдік қоғам-
дастықта нарықтық эконо-
микасы бар мемлекет
ретінде мойындаған.
Қысқа тарихи мерзім
ішінде тәуелсіздік алған
Қазақстан әлемдік өрке-
ниетке кіре отырып, жаңа
прогрессивті технология-
лар өндіру, сақтау, тасы-
малдауды пайдалана
отырып экономикада сіл-
кініс жасады. Кәсіпорын-
дардың дербестігін арт-
тыру арқылы өнім өзір-
леуші арасындағы, өнді-
рушілер, тұтынушылар,
мемлекеттік органдар
және аймақтық басқару
құқықтық қатынастарды
мемлекеттік реттеу қажет-
тігі және де бірінші кезек-
те адам өмірі мен қорша-
ған ортаға қауіпсіздігін
арттыру күшейтіп жатыр.
Заманның ағымына бай-
ланысты қазіргі қоғам-
ның сұранысы да өте
жоғары. Осы бағыттағы
мамандарды даярлауда
М.Әуезов атындағы Оң-
түстік Қазақстан Универ-
ситетінің «Химиялық ин-
женерия және биотехно-
логия» жоғары мектебін-
дегі «Химия және химия-
лық технология негізде-
рі» кафедрасымен жүзеге
асырылады.

Жоғары мектеп қазіргі
кезде қарқынды дамып
келе жатқан химия, био-
технологиялық, метал-
лургия, құрылыс, мұнай-
газ, дәрілік заттар техно-
логиясы және басқа да
өнеркәсіп салалары үшін
жоғары білікті бакалавр-
лар, магистрлер және
PhD-докторларын дай-
ындайды. Химиялық
инженерия және биотех-
нология жоғары мектебі-
нің, соның ішінде химия
және химиялық техноло-
гия негіздері кафедрасы-
ның материалдық-техни-
калық базасы барлық за-
манауи талаптарға жауап
береді. Кафедрада маман-
дар даярлау 6В05320-
«Химия», 6В07270-«Фар-
мацевтикалық өндірістер
технологиясы» білім бағ-
дарламалары бойынша
жүзеге асырылады.

“Химия және фарма-

цевтикалық өндірістер
технологиясы” білім беру
бағдарламалары бойын-
ша мамандарды даярлау
ҚР “Білім туралы” Заңы-
ның, Университет жарғы-
сының, жоғары және жо-
ғары оқу орнынан кейінгі
білім берудің мемлекеттік
білім беру стандартының,
осы бағыттағы маман-
дықтардың білім беру
бағдарламаларының, оқу
жоспарының, ОӘБ бекіт-
кен пәндердің оқу бағдар-
ламаларының, қабылдау
жоспарының, ҚР БҒМ,
ректордың бұйрықтары-
ның және университеттің
Ғылыми кеңесінің ше-
шімдерінің (сондай-ақ
басқа да нормативтік құ-
жаттардың) талаптарына
сәйкес жүзеге асырыла-
ды.

Мамандарды даярлау
құрылымы Қазақстан
Республикасының жоға-
ры кәсіптік білім берудің
мемлекеттік білім беру
стандарты (ҚР МЖМБС
№1080) бойынша құжат-
тар жиынтығының тала-
птарына сәйкес келеді.

Мамандарды даярлау
мазмұны білім беру бағ-
дарламаларының еңбек
нарығы мен стейкхолдер-
лер талаптарына сәйкес-
тігін талдау негізінде ба-
ғаланады. Жоғары білім
беру сапасының негізгі
құрамдас бөлігі — бұл
“Химия және Фармацев-
тикалық өндірістер тех-
нологиясы” бағытындағы
білім беру бағдарламала-
рының сапасы, ол оқыту
және тәрбиелеу процесі-
нің мақсаттарын, мазмұ-
ны мен жүзеге асыру әдіс-
терін айқындайтын нор-
мативтік құжаттар жиын-
тығын білдіреді. Бағдар-
ламалар оқу жоспары мен
ЖОО пәндерінің оқу бағ-
дарламаларын және
ЖОО ОӘБ бекіткен таң-
дау компоненті негізінде
ҚР жоғары кәсіптік білім
берудің мемлекеттік білім
беру стандарты негізінде
өзірленген.

Құрметті талапкерлер,
сіздерді М.Әуезов атында-
ғы Оңтүстік Қазақстан
Университетінің зама-
науи білікті маман болуы-
ңыз үшін 6В05320-«Хи-
мия(ғылыми)» және
6В07270-Фармацевтика-
лық өндірістер техноло-
гиясы бакалавр маман-
дықтары бойынша, ал
магистратура бойынша
7М05320-«Химия (ғы-
лыми)», 7М07270-«Фар-
мацевтикалық өндірістер
технологиясы» маман-
дықтарын таңдауға шақы-
рамыз.

М.НАРМАНОВ,

М.Әуезов атындағы

ОҚУ химия және

химиялық технология
негіздері кафедрасының
доценті, х.ғ.к.